

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

болған жағдайда, біз қанша бала қай ұлттан мектепке қабылданды нешеуі шығып кетті немесе оқуын аяқтады деген сұрақтарға жауап бере алатын едік.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Түсіпбек Қ.Е. Жеке архив, сұхбат Жаманқұлов Ж.Ж. 2023.
2. «Қазақстанның білім беру жүйесінің тарихы» <https://www.wiki3.kk-kz.nina.az>
3. Сагинов А. О пройденном пути. Воспоминания. – Алматы: Ғылым, 1996. 8-18
4. Попов Ю.Г., Шотбакова Л.К., Смагулова Г.М. Творцы и свидетели истории Каркаралинска: Монография. – 2-е изд., испр. и доп. Караганда: Изд-во ТОО САНАТ-Полиграфия, 2019. - С.214
5. Қарағанды облысының мемлекеттік архиві, 1936. Ф №17, Д №144, С.102

Мақала № 21-ВГ-23 «История становления и развития системы образования Каркаралинского региона в лицах и судьбах (конец XIX-XX вв.)» гранттық жобаны іске асыру мақсатында дайындалды

ӘОЖ 93/94

XX ҒАСЫРДЫҢ І ШИРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШТЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Ұстағалиев Ернар Опағалиұлы

ernar.ustagaliev@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 1-курс докторанты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент Д.Р. Айтмағамбетов

XX ғасырдың алғашқы ширегінде орын алған аштық қазақ қоғамындағы жаңа биліктің орнап, жаңа қоғамдық құрылысқа өту сәтімен тұспа-тұс келді. Кейбір тарихи зерттеулерде «бірінші қазақ аштығы» деп аталған 1921-1922 жылдардағы қазақ даласының негізінен батыс аумағын жайлаған алапат нәубет көшпелі қазақ шаруашылығын күйзелтіп, аймақта демографиялық зардап тудырды. Жалпы аштыққа Қазақ АКСР-інің 20 ауданы мен 21 уезі ұшырады. Олар негізінен Орынбор, Орал, Қостанай, Ақтөбе, Бөкей губерниясы мен Адай уезінің аудандары [1, 62-63 бб.]. Аштықтың көлемі мен әкелген зардабы өте ауыр болды. Алғашқы жылы халық саны 2 332 064 адамды құраған бұл аумақтардағы ашыққандар саны 1 558 392 адамды немесе 67%-ды құраса, 1922 жылдың көктемінде олардың саны 2 305 321 адамға жетті (98%) [1, 85 б.]. Бұл аймақтың барлық тұрғындарының аштық құрсауында болғанын білдіреді. Осы алмағайып уақытта Қазақ АКСР-інің Орталық Атқару комитетінің жанынан құрылған Аштықпен күресетін арнайы Комиссия жұмысынан бөлек қазақтың зиялы азаматтарының да аштық мәселесін көтеріп, өздерінің үлесін қосқан болатын.

Мақаламыздың арқауы ретінде өткен ғасырдың басында қазақтың зиялы өкілдерінің аштықпен күрес алаңына түсіп, зұлматты ауыздықтау үшін қайрат көрсеткен және қалам арқылы мәселені жан-жақты саралаған еңбектері мен мақалалары алынып отыр. 1921-1922 жылдардағы аштықтың барысы мен салдары туралы қазақ зиялыларының берген бағасы, аштықтың себептерін талдауы және мәселе төңірегіндегі пікірлері жұмысымыздың нысаны болды. Қазақ зиялыларының қатарында кеңестік құрылысты қабылдаған және социалистік Қазақстанды құруға атсалысқан партияның лауазымды тұлғалары да қамтылды, себебі С. Мендешев, Т. Рысқұлов, С. Садуақасов сынды өз өкілеттіктерін барынша пайдалы кәдеге жаратып, күрделі мәселені шешу жолында аянбай қызмет еткенін білеміз. Сөзсіз, бұл тұлғалар қазақ мемлекеттілігі жолында күрескен алаш өкілдерінің (Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов) ізін басқан жаңа буынның өкілдері болатын. Сонымен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының бір топ өкілдерінің еңбектерінде аштық мәселесінің қалай көрініс тапқанын зерделеу мақалымыздың басты мақсаты болмақ.

Кеңестер өкіметінің алғашқы жылдарында ең жоғары лауазымға ие болған қазақтан шыққан мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұлов болатын. Кедей отбасында дүниеге келіп, Азамат соғысының алмағайып кезеңінде халықтың мұңын жоқтаған тұлға саяси қызметке ерте араласады. Алдымен Әулиеата уезінің ашыққан халқына орыс саудагерлерінің салығы есебінен жиналған қаражатпен көмектеседі. Түркістан өлкесіндегі қоғамдық белсенділігі мен жеке қасиеттерінің арқасында көп ұзамай Тұрар Рысқұлов 1918 жылдың күзінде Ташкентте өткен Түркістан кеңестерінің VI сиезінде республиканың Денсаулық сақтау халық комиссары қызметіне жаңадан тағайындалғанына қарамастан, бұл лауазымынан бас тартып, 28 қарашада Түркістан Республикасында Аштықпен күресетін Орталық Комиссия құрып, өзі сол ұйымның төрағасы болады. Өзінің жастығына қарамастан (сол уақытта жасы 24 ғана) жанқиярлығы мен ұйымдастыру дарыны арқасында өлкеде аштықпен күрес барысында зор көмек ұйымдастырды. Комиссия төрағасы ретінде Т. Рысқұлов өзінің негізгі талап етіп отырған мәселесі «жас ұрпақты аштықтан аман құтқарып қалу» деген болатын [2, 56-57 бб.]. Мыңнан аса қоғамдық тамақтану пункттерін ашып, аштықпен күрес комиссиясының облыстық, уездік, болыстық бөлімшелерін құрады. Бес-алты айдың көлемінде тұрақты жұмыстың нәтижесінде Түркістандағы аштықтың алдын алды. Өзінің статистикалық деректерге сүйеніп жазғанындай, аштықтан миллион адам құтқарылды [3, 119-134 бб.].

1919 жылы көктемде өткен Түркістан Кеңестерінің төтенше VII сиезінің 14 наурыздағы мәжілісінде ол Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның қызметі туралы өзінің «Аштықпен күрес және азық-түлік мәселесі» атты баяндамасын жасайды. Онда Тұрар Рысқұлов аштықтың негізгі себептері ретінде патша өкіметінің отаршыл саясаты мен кеңестердің шовинистік саясаты екенін ашық айтады [4, 248-249 бб.]. Бір әттеген-айы сол, осы күрес тәжірибесін кейінгі 30-жылдардағы алапат аштықта толығымен пайдалануына мүмкіндік берілмеді. Қазақ даласын жайлаған аштық мәселесін, қазақ босқындарының шектес аймақтардағы қиын жағдайын, отырықшылыққа көшу науқанының кемшіліктерін негіздеп, Кремль көсемдеріне қаймықпай хат жазды [5].

Көрнекті мемлекет қайраткері Смағұл Садуақасов өзінің 33 жылдық қысқа ғұмырында жаңа кеңестік Қазақстанның өркендеуіне өзінің бар күш-жігерін салды. Қоғамдық-саяси қызметке ерте араласқан ол өзінің толық әлеуетін 1925-1927 жылдары барынша көрсетті. Жаңа астана Қызылордада өткен Өлкелік V партия конференциясында оны Өлкелік партия комитетінің бюро мүшелігіне сайлайды және Қазақ АКСР Халық ағарту комитетінің комиссары етіп тағайындайды. Дегенмен өзінің жаңа билік шеңберіндегі алғашқы қадамын 1920 және 1921 жылдары Қазақстан Кеңестерінің сиездеріне Ақмола губерниясының делегаты ретінде сайланып, Республиканың ОАК Президиумының мүшелігіне сайланған тұсынан бастайды. Туа біткен бірбеткей мінезі мен қарымды жұмысы жас маманға биліктегі азаматтардың назарын аудартады. Сөйтіп ол алдымен 1922 жылы 4 ақпанда Қазақ АКСР-інің Түркістан Республикасындағы уәкілетті өкілі болып тағайындалады, кейін 21 наурызда Орталық Атқару комитеті С. Садуақасов аштықтың тар құрсауында қалған Торғай уезіне халыққа шұғыл көмек көрсету бойынша ерекше өкілеттілік алып, арнайы тапсырмамен жіберіледі [6, 4-5 бб.]. Өкінішке орай, оның нақты қандай шаралармен айналысқаны туралы ақпараттар біздің қолымызға түспеді. Қалай болғанда да, бұл миссияны абыроймен атқарғаны күмән тудырмайды. Тек С. Садуақасовтың 1922 жылы кезекті бір іс-сапары барысында дүниеге келген «Қостанай – Торғай» атты жол-жазбасында аймақтағы аштық туралы бізге беймәлім ақпараттар орын тапқан болуы ықтимал [7, 166 б.]. Алайда бұл жазбасы жарияланған «Қызыл Қазақстан» газетінің 1922 жылғы 9-шы саны табылмай отыр.

Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери ревкомның мүшесі және оның төрағасының орынбасары, 1920-1925 жылдары Қазақ АКСР-і ОАК-інің төрағасы болған қазақтың кеңестік мемлекет қайраткері Сейітқали Меңдешев ашаршылыққа қарсы күресті басқарған тұлғаның бірі. 1921 жылы А. Байтұрсыновпен бірге Қазақстанның солтүстік аймақтары, 1924 жылы Жетісу мен Сырдария облыстарын Қазақ АКСР-іне қосу бойынша зор еңбек етті. Тақырып аясында оның «Аштық туралы мәселе» атты баяндамасы ашыққандарға көмектесетін Орталық Комиссияның төрағасы ретінде 1921-1922 жылдардағы аштыққа қарсы жүргізілген

жұмыстары туралы ақпарат береді. Бұл баяндамасын ол 1922 жылғы 8 шілде күні Қазақ Атқару комитетінің 3-сессиясын ашу кезінде кіріспе сөз есебінде оқыды. Бұл С. Меңдешев басқарған Комиссияның атқарған жұмысының есебі болатын. Өз баяндамасында Орталықтағы және жергілікті жерлердегі ашыққандарға көмек көрсету комиссияларының жұмыстарынан бөлек халықаралық мекемелердің де қолғабыс еткенін атап өтеді. Олардың қатарында Халықаралық жұмысшы комитеті, Қызыл Крест қоғамы, америкалық ашыққандарға көмек әкімшілігі (АРА) және Квакерлер қозғалысы болды. Аштық өзінің шарықтау шегіне жеткен кезде ашыққандардың саны 2 832 000 адамға жеткенін айтады. Өзі жетекшілік еткен Комиссияның сол тұста барлығы 777 192 адамды тамақтандырғанын, олардың 253 463 ересектер, ал 422 729 балалар екенін көрсетеді [8, 12 б.]. Баяндамасының соңында Ашыққандарға көмектесетін Орталық Комиссияның жұмысын 1923 жылдың жазына дейін жалғастыратынын атап өтті. Шын мәнінде Комиссия Орынбор, Орал, Қостанай, Ақтөбе, Бөкей губерниялары мен Адай уезінің аудандарындағы ашыққандарға зор көмек көрсетті. Қазақ АКСР-і ОАК төрағасы әрі аштарға жәрдем ұйымдастыру комиссиясының бастығы С. Меңдешев «Известия ТурЦИКа» газетінің 1922 жылғы 25 шілдедегі санында Түркістан Республикасының басшылығы мен халқына «Қазақстан республикасындағы ашыққандарға көмек беріндер!» деп аталатын үндеуін жариялайды [9, 66-67 бб.]. Әлбетте Түркістан Орталық Атқару комитеті мен Аштарға жәрдем комиссиясы тарапынан аштық салдарынан босып келгендерге көмек беруге халыққа үндеулер жасады, өздерінің тарапына балаларға көмектесу, оларды тамақтандыру мен киім-кешекпен қамтамасыз ету жағына көңіл бөлді [10, 43-44].

Қазақтың басына түскен нәубетпен күреске лауазымды тұлғалардан бөлек зиялы қауым өкілдерінің де үлесі болды. Бастапқыда мерзімді басылым беттеріне өздерінің аштық туралы және оның ауқымы мен зардаптары жөнінде мақалаларын жазудан бастады. Міржақып Дулатов қуаңшылықтың белгілері айқандала бастаған 1921 көктемінде қарқын ала бастаған аштықтың алдын алу қажеттігі мен өкіметтің шара қолданбай отырғаны туралы «Ақ жол» газетінде «Ел күйзелді» деген мақаласын жазады [11, 52-54 бб.]. Сол секілді Қазақстан үкіметінің назарына ұсынылған «Қазақстанда аштық қырғынынан қайтсек құтыламыз?» атты үндеу мақаласында М. Дулатов: «... Жалғыз үкімет тарапынан көрсетілген жәрдемге ғана сүйеніп отырсақ, елдің күйін қырып аламыз. Үкімет жәрдемін көрсете берсін, ол өз алдына, біз жұрттың қамын ойлауымыз керек» деп барша қоғам өкілдеріне өз бетінше әрекет етуге шақырады [12, 236-238].

Қазақ зиялысы Жүсіпбек Аймауытов М. Дулатовпен және семейлік азаматтармен бірлесіп, ашыққандарға жәрдемдесу мақсатында ұйымдасады. 1922 жылдың 9 наурызында Семейдегі қазақ азаматтарының жалпы жиналысын өткізеді, онда М. Дулатов ашыққандарға көмек беру шарасы жөнінде баяндама жасайды. Ол туралы Ж. Аймауытов «Ақ жол» газетінің 25 сәуіріндегі және «Қазақ тілі» газетінің 18 наурызындағы сандарында шыққан өзінің «Ашыққан ел Һәм Семей азаматтары» атты мақаласында баяндайды. Онда олар Орталық комитеттен Семей губерниясында қызмет етіп отырған аштарға көмек комитетінен бөлек елге өз тұсынан жәрдем беретін айрықша қазақ комитетін жасақтау, осы жұмысқа қажетті азаматтарды партия қызметіндегі міндеттерінен босату жөнінде рұқсат алуды көздейді [13, 64-66]. Аталған үндеу мәтіні наурыздың 15 күні телеграмм арқылы Орынбордағы Қазақ АКСР-і ОАК-не, Қазақстанның аштарға жәрдем беру комиссиясына, Мәскеудегі Орталық Атқару комитетіне және Ресейлік аштарға жәрдем беруші орталық комитетке жолданады. Сондай-ақ Ақмола азаматтары мен Түркістан жігіттеріне де осы секілді жұмыстарға атсалысу туралы ұсыныс білдіреді. Ж. Аймауытов губернияның 12 болысынан ашыққандарға мал жинау ісін өзінің міндетіне алады. Барлығы 2668 бас сиыр, 1831 бас жылқы, 264 бас түйе, 31 қой жиналады. Оны Торғай аймағына жеткізу жолында айтарлықтай қиындықтарға тап болады. Жиналған малдар арасында ауруға шалдыққандарын емдеу, малды жол-жөнекей жем-шөбімен қамтамасыз ету, бағу, күзету, барар жеріне шығынсыз жеткізу сынды бірқатар жұмыстар орын алды. Дегенмен ашыққан өлкеге 2082 бас сиыр, 1982 бас жылқы, 185 бас түйе, барлығы 4249 бас малды жеткізіп, халық арасында үлестіріп береді [13, 69 б.].

Үкімет пен бұқара назарын тағы да бір аудартуды көздеп, М. Дулатов «Ашыққан елге

жәрдем қайткенде мол жиналады?» атты мақаласын жариялайды. Онда үкімет тарапынан іске асырылып жатқан шаралардың мардымсыздығын, ел азаматтарының бұл істегі енжарлығын күйіне жазып, енді әрекет етпесе, «алты алаш, алты миллион ел бар деп үйде отырып, ауызыңды толтыратын қазағың жоқ болудың алдында тұр» деп қамыға жазады. Егер ел басшылары елге шын басшылық етіп, алдымен өздері малын жасырмай, тиісті жәрдемдерін түгел берсе, қалған қазақ тартынып қалмас деп түйеді. «Біздің атқа мінгендеріміз дәл осы айтқанды істесе, Алаш алдында, адамгершілік алдында, тарих алдында борыштарын өтегені, бұрынғы қателерін жуғаны» деп қорытады [14, 211-214].

Қазақтың зиялы өкілдерінің арасында аштыққа ұшыраған өлке халқына қол ұшын берудің аса қажеттігі туралы айтып та, жазып та жүрген жас буынның өкілі М. Әуезов болатын. Ол Қазақ Орталық Атқару комитетінің 1921 жылғы 10 желтоқсан күнгі ашаршылық туралы кеңесте «Қазақ Республикасы қазақсыз қалады...» атты баяндама жасап, қыр қазағына нақты көмек көрсетуді ұйымдастыру жөнінде айтады. М. Әуезов аштарға көмек көрсету ұйымдарының қазақ даласына әлі де болса жетпегенін және жақын күндері жетуі екіталай екенін айтып, оның себептерін былай түсіндіреді: «Біріншіден, ауылдармен тікелей араласып, олардың мұқтаждықтарын анықтайтын қызметкерлер жоқ. Екіншіден, аштыққа ұшыраған қазақтар нақты бір жетекші адам болмаса, мемлекет тарапынан бөлінген сыбағаның өзіне де қол жеткізе алмайды, өйткені қазақтар бір үзім нан үшін жат жерде қол жайып қаңғып жүргеннен гөрі үйінде өлуді артық санайды. Үшіншіден, жергілікті жердегі аштарға көмек көрсету ұйымдары жақын жерлердегі қалалар мен селолардағы күйзелгендерге ерекше қамқорлық жасауға тырысады, қаладан шалғай орналасқан қазақ ауылдары үнемі кейінге ысырылып қалады» [15, 5-6 бб.]. М. Әуезов аштық жайлаған қырдағы елдің қырылғанының жанында қаладағы аштықтың үрейлі көріністерінің өзі ойын сияқты деп салыстырады. Ол егер де бұл аудандарды аштықтан құтқару үшін шұғыл түрде шара қолданбасақ, онда Қазақ Республикасы қазақсыз қалады деп түйіндейді. Оның аштарға көмек көрсету іс-шараларының жоспары кейбір толықтырулармен кеңес тарапынан қабылданады.

XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақтың басына төнген нәубетпен күрес алаңында кеңестік билік жүйесіндегі қазақ азаматтары, ұлт руханиятының көсемдері мен зиялы ұлт өкілдерінің барлығы бірлесе әрекет етті. Себебі қазақ ұлтының құрып кету қаупі туындаған болатын. Оны біз олардың мерзімді баспасөз беттеріндегі үнемі жариялап отырған мақалаларынан, билік өкілдерінің үндеулерінен аңғарамыз. Аталған құжаттар 1921-1922 жылдардағы аштықтың ауқымын, оның халық арасындағы сипатын, зиялы ұлт өкілдерінің іс-әрекетін және аштықтың бейнесін аша түсуде маңызды, сонымен қатар жалпы мәселенің деректік базасы ретінде қазақ зиялыларының еңбектері өте құнды болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Мусаев Б.А. Голод в 1921-1922 годах в Казахстане и ликвидация его последствий. Учебное пособие. – Актөбе: «Принт А», 2006. 190 с.
2. Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы: «Қазақстан», 1994. 448 бет.
3. Рысқұлов Т.Р. Шығармаларының толық жинағы. Полное собрание сочинений. Т. 2. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. 368 бет.
4. Қоңыратбаев О.М., Жүрсінбаев Б.А., Жүнісбаев А.Ә. Мені таңғалдырған тұлғалар. – Алматы: «Нұр-Принт», 2011. 328 бет.
5. ҚР Президенті Архиві. 141-қор, 1-жазба, 6403-іс, 13-16 пп., 137-146 пп.
6. Смагул Садвақасов. Избранное. – Алматы: СП «Атхан», «Рауан», 1994. 192 с.
7. Қамзабекұлы Д. Смағұл Садуақасов: ғұмырнамалық деректі хикаят. – Алматы: «Қазақстан», 2009. 288 б.
8. Сейітқали Меңдешев: «Аштық туралы мәселе» бойынша сөз (аударған Сәбит Шілдебай) // Егемен Қазақстан. 2021. 19 мамыр. 12 бет.
9. Иманбаева С. Ұлт зиялылары ашаршылық тұсында. // «Ақиқат», №6. 2000. 66-69 бб.

10. Ақ жол (газеті). Көптомдық. 5-том. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 384 б.
11. Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: «Мектеп», 2013. 400 б.
12. Ақ жол (газеті). Көптомдық. 8-том. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 384 б.
13. Ақ жол (газеті). Көптомдық. 6-том. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 384 б.
14. Ақ жол (газеті). Көптомдық. 7-том. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 384 б.
15. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 3-том: Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар. 1921-1929. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 424 б.

УДК 347.96.23

К ВОПРОСУ ПОДГОТОВКИ КАДРОВ КУЛЬТПРОСВЕТРАБОТНИКОВ ИЗ ЧИСЛА ЖЕНЩИН (1946-1960 ГГ.)

Шарипханова Айжан Шарипхановна

ramazan16@list.ru

магистрант Alikhan Vokeikhan University, г. Семей, Республика Казахстан

Научный руководитель – Ф.С. Рамазанова

Послевоенный период в истории советского общества характеризуется неоднозначностью, сложностью процессов, имевших место во всех сферах жизнедеятельности общества. Воздействие социально-экономической динамики послевоенного времени на демографическую структуру общества востребовало широкой вовлеченности различных категорий населения во все сферы общественного производства. Как известно, послевоенная политика советской власти базировалась на идеологических основах, в контексте которой женщины рассматривались как важнейший экономический и социальный ресурс общественного развития.

Исходя из этого, государство определило курс на повышение роли женщин во всех сферах жизнедеятельности общества. Особенностью советского периода в истории женского вопроса становится системный характер реализации женской политики. Во всех материалах и решениях советско-партийных органов подтверждается необходимость работы среди женщин.

В 1947 году в республике действовало 8319 женсоветов, 870 жен организаторов проводили политико-воспитательную, разъяснительную работу среди женщин по трудоустройству, оказанию материальной помощи семьям фронтовиков, организации детских дошкольных учреждений, привлечения девушек к учёбе [1]. Женотделы, комиссии по народному образованию проводили работу и по выявлению неграмотных женщин, вовлечению их в школы ликвидации неграмотных. Так, по Семипалатинской области в 1948 году насчитывалось 2093 неграмотных женщин, из них казашек - 1053, малограмотных 1841, из них казашек – 736. За 1948 год было обучено 873 женщины, из них 306 казашек [2].

Повышение трудовой активности, профессиональной занятости осуществлялось, в тесной связи с ростом потребностей экономики и культуры. Советским обществом на практике решались вопросы всеобщности и обязательности общеобразовательного уровня, в том числе женщин, их включенности в общественную жизнь.

Актуализируется деятельность школ по сохранению контингента учащихся, всеобуча, отсева, вовлечения девушек в учебу, воспитания и обучения. Имелся большой отсев девочек из старших классов. "Казахстанская правда" 5 августа 1949 года опубликовала обращение женщин видных деятелей культуры, науки, искусства ко всем девушкам республики с призывом быть достойными дочерьми своей Родины, полностью использовать право на